

## Біржолғы талон құнын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 13 қаңтардағы N 340 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 23 ақпанда N 10-4-170 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 желтоқсандағы N 73 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2012.12.19 N 73 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының 36-бабының 6-тармағына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты **ШЕШЕМІЗ:**

1. Қазалы ауданы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар үшін дүркін-дүркін сипаттағы кәсіпкерлік қызметтің түрлеріне біржолғы талон құны (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда) тауарлардан (қызмет көрсетулерден) 1-қосымшаға және базар аумағындағы дүңгіршіктердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардан алынатын біржолғы талон құны 2-қосымшаға сәйкес 1013 жылдың 1 қаңтарына дейін белгіленсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезектен  
тыс XXXXV сессиясының төрағасы К. Алиасқаров  
Аудандық мәслихаттың хатшысы Т. Бөріқұлақов

" К Е Л І С І Л Д І "

Қызылорда облысы бойынша салық  
департаментінің Қазалы ауданы бойынша

"13" қаңтар 2012 жыл

2012 жылғы "13" қаңтардағы  
Қазалы аудандық мәслихатының  
кезектен тыс XXXXV сессиясының

N 340 шешіміне 1-қосымша

**Қазалы ауданы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар үшін дүркін-дүркін сипаттағы кәсіпкерлік қызметтің түрлеріне (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда) тауарлардан (қызмет көрсетулерден) алынатын біржолғы талон құны**

р/с	Біржолғы талон негізіндегі кәсіп түрінің тізбесі	1 орынға белгіленген мөлшер (Біржолғы талон құны шаршы метрмен)	(Біржолғы талон құны (теңгемен))	
1	Газеттер мен журналдар сату	3,1	90	
2	Тұқым, сондай-ақ отырғызу материалдары (екпелер, көшет) сату	3,1	80	
3	Бақша дақылдарын сату	Қауын, қарбыз (белгіленген орындарда)	5	160
		Картоп, сәбіз, жуа, қырыққабат (белгіленген орындарда)	3,1	80
4	Саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді сату	3,1	70	
5	Қосалқы ауыл шаруашылығындағы, бақшалық, бағбандық және саяжай учаскелерінің өнімдерін сату.	5	90	
6	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметіне	1 тракторға	320	
7	Сыпыртқы, сыпырғылар, орман жидегін, бал, саңырауқұлақтар сату	3,1	70	
8	Жануарлар мен құстардың жемдерін сату	3,1	110	
9	Балық сату	3,1	250	

2012 жылғы "13" қаңтардағы  
Қазалы аудандық мәслихатының  
кезектен тыс XXXXV сессиясының

N 340 шешіміне 2-қосымша

**Қазалы ауданы бойынша базар аумағындағы дүңгіршіктердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер**

**көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардан алынатын біржолғы талон құны**

N	Біржолғы талон негізіндегі кәсіп түрінің тізбесі	1 орынға белгіленген мөлшер (шаршы метрмен)	Біржолғы талон құны (теңгемен)	
1	Құрылыс заттарын сату	5	220	
2	Радио тауарларын, электр құралдарын сату	5	180	
3	Теледидар, тоңазытқыштар сату	5	250	
4	Шаруашылық өндірістік заттарын сату	5	300	
5	Қосалқы бөлшектер сату	5	300	
6	Тері бас киімдерін сату	5	300	
7	Былғары бас киімдер сату	5	270	
8	Жазғы бас киімдер сату	5	150	
9	Кітап, кеңсе заттарын сату	5	120	
10	Парфюмерия бұйымдарын, галантереялық тауарлар сату	5	120	
11	Кілем, палас бұйымдарын сату	10	300	
12	Маталарды сату	5	180	
13	Аудио-видео өнімдерін сату (жалға беру)	5	150	
14	Қолдан жасалған үй жиһаздарын сату	8	170	
15	Балалар ойыншықтарын сату	5	120	
16	Велосипед, балалар арбасын сату	5	180	
17	Шұлық, аяқ киім мен киімдер сату	5	130	
18	Пайдаланған зергерлік бұйымдар сату	3,1	1000	
19	Базарларда жүк сақтайтын орындар	10	300	
20	Тізбеде көрсетілмеген аралас заттар сату	4	120	
21	Жабық базарларда киім сату	3,1	170	
22	Мереке күндері сыйлықтар сату	2,8	160	
23	Азық-түлік заттарын сату	5	200	
24	Күріш, ұн өнімдерін сату	3,1	150	
25	Құс етін сату	3,1	250	
26	Ет, ет өнімдерін сату	4	270	
27	Балмұздақ, газдалған сусындар сату	3,1	120	
28	Кәуап, бұқтырылған тауық еті	3,1	250	
29	Қасапшылық қызметтер көрсету	бір басқа	100	
30	Суретке түсіру, етікші, сағат жөндеушілер қызмет көрсетуі	әрбір адамға	100	
31	Ірі қара малын сату	бір басқа	160	
32	Үй жануарлары терісін сату	ірі қара малы	5	160
		ұсақ малдар	5	90
33	Мал сою	ірі қара малы (салмағы әр басқа 50-100 кг)	5	220
		ірі қара малы салмағы (салмағы 100 кг жоғары)	5	270

34	Көтерме саудамен азық-түлік, өнеркәсіп заттарын сату	8	270
35	Ыстық тамақ сату	3,1	190
36	Контейнер мен вагондарды қойма есебінде пайдалану	әр біреуіне	220
37	Автокөліктерден отын, шөп сату	бір көлікке	320
38	Арбамен отын, шөп сату	бір арбаға	110
39	Мотоциклдерді сатып алып қайта сату	әр біреуіне	320
40	Жеңіл автокөліктерден азық-түлік, бақша дақылдарын сату	бір көлікке	550
41	Жабық базарда аралас заттар сату	5	170
42	Пайдаланған қосалқы бөлшектер сату	2,8	50
43	Қаптап көмір, отын сату	5	50
44	Сөрелерде темекі, азық-түлік, жеміс-жидек, көкөністер сату	3,1	90
45	Нан, торт, кондитерлік өнімдерін сату	3,1	100
46	Салат сату	3,1	60
47	Сүт, сүт өнімдерін сату	3,1	20
48	Үй жануарлары мен құстарын сату	бір басқа	150
49	Қол арбамен халыққа ақылы қызмет көрсету	бір арбаға	50
50	Жүк тиеу, түсіру қызметтерін көрсету	әрбір адамға	50
51	Ұсақ жандық малын сату	бір басқа	80
52	Лотереялар сату	3,1	90
53	Жүк көліктерінен бақша өнімдерін сату	бір көлікке	1100
54	Көтерме бақша өнімдерін сату	5	220
55	Автокөліктер сату	бір көлікке	1000
56	Жабық базарда азық-түлік сату	5	150